

Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігі Басқармасының "Рейтинг агенттіктері мен банктер мәмілелерін жүзеге асыра алатын облигацияларға арналған барынша төмен рейтингті белгілеу туралы" 2007 жылғы 30 сәуірдегі N 128 қаулысына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы

### *Күшін жойған*

Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігі Басқармасының 2008 жылғы 26 ақпандағы N 19 Қаулысы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2008 жылғы 31 наурызда Нормативтік құқықтық кесімдерді мемлекеттік тіркеудің тізіліміне N 5174 болып енгізілді. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2012 жылғы 28 сәуірдегі № 176 Қаулысымен.

Ескерту. Қаулының күші жойылды - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 2012.04.28 № 176 (қолданысқа енгізілу тәртібін 7-тармақтан қараңыз) Қаулысымен.

**Қолданушылардың назарына!!!**

**Қаулының қолданысқа енгізілу тәртібін 3-тармақтан қараңыз.**

Екінші деңгейдегі банктердің қызметін реттейтін нормативтік құқықтық актілерді жетілдіру мақсатында, Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігінің (бұдан әрі - Агенттік) Басқармасы **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Агенттік Басқармасының "Рейтинг агенттіктері мен банктер мәмілелерін жүзеге асыра алатын облигацияларға арналған барынша төмен рейтингті белгілеу туралы" 2007 жылғы 30 сәуірдегі N 128 қаулысына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде N 4717 тіркелген) мынадай өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

атауы мынадай редакцияда жазылсын:

"Рейтинг агенттіктері мен банктер мәмілелерін жүзеге асыра алатын облигацияларға арналған ең төменгі талап етілетін рейтингін, сондай-ақ екінші деңгейдегі банктер брокерлік және/немесе дилерлік қызметті жүзеге асырған кезде мемлекеттік бағалы қағаздарымен мәмілелер жасай алатын елдердің ең төменгі талап етілетін рейтингін белгілеу туралы";

кіріспеде "8-бабының" деген сөзбен саннан кейін "және 30-бабының 12-тармағына" деген сөздермен және сандармен толықтырылсын;

1-тармақта "ВВa3" төмен емес" деген сөздер "Baa3" төмен емес" деген сөздермен ауыстырылсын;

мынадай мазмұндағы 3-1, 3-2-тармақтармен толықтырылсын:

"3-1. Екінші деңгейдегі банктердің ("Standard & Poor`s" немесе "Fitch" рейтинг агенттіктерінің жіктелуі бойынша) "BBB-"-дан төмен емес немесе ("Moody`s Investors Service" рейтинг агенттігінің жіктелуі бойынша) "Baa3"-тен төмен емес шетел валютасында тәуелсіз ұзақ мерзімді рейтингі бар елдердің мемлекеттік бағалы қағаздарымен брокерлік және (немесе) дилерлік қызметті жүзеге асыра алатындықтары белгіленсін.

3-2. Екінші деңгейдегі банктер мемлекеттік бағалы қағаздарымен брокерлік және (немесе) дилерлік қызметті осы қаулының 3-1-тармағында айқындалған деңгейден төмен жүзеге асыра алатын елдердің шетел валютасында тәуелсіз ұзақ мерзімді рейтингі төмендеген кезде брокерлік және (немесе) дилерлік қызметті жүзеге асыратын екінші деңгейдегі банктер көрсетілген төмендеу орын алған айдан кейін келетін үш күнтізбелік айдың ішінде өз қызметін осы қаулының 3-1-тармағының талаптарына сәйкес келтіреді."

2. Агенттік Басқармасының "Екінші деңгейдегі банктер брокерлік және дилерлік қызметті жүзеге асырған кезде мемлекеттік бағалы қағаздарымен мәмілелер жасауға құқылы елдердің ең төменгі талап етілетін рейтингі туралы" 2006 жылғы 25 ақпандағы N 46 қаулысының (Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде N 4159 тіркелген) күші жойылды деп танылсын.

3. Осы қаулы Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуден өткен күннен бастап он төрт күн өткеннен кейін қолданысқа енгізіледі.

4. Стратегия және талдау департаменті (Г.А. Ділімбетова):

1) Заң департаментімен (Н.В. Сәрсенова) бірлесіп осы қаулыны Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуден өткізу шараларын қолға алсын;

2) Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелген күннен бастап он күндік мерзімде осы қаулыны Агенттіктің мүдделі бөлімшелеріне, "Қазақстан қаржыгерлерінің қауымдастығы" заңды тұлғалар бірлестігіне мәлімет үшін жіберсін.

5. Агенттік Төрайымының Қызметі Қазақстан Республикасының бұқаралық ақпарат құралдарында осы қаулыны жариялау шараларын қолға алсын.

6. Осы қаулының орындалуын бақылау Агенттік Төрайымы Е.Л. Бахмутоваға жүктелсін.

*Төрайым*

*Е. Бахмутова*

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК